

Жұмағұлов Қ.Т.¹, Садықова Р.О.², Мұхажанова Т.Н.³

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

²тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, e-mail: raikhan.sadykova@gmail.com

³тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Мақалада Қазақстан мен Жапонияның арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қарастырылады. Қазақстан мен Жапония өзара 20 жылдан астам ынтымақтастығынан астам уақытта әр түрлі салада оңды нәтижелерге қол жеткізді. Қазақстанның сыртқы саясатында Жапония маңызды рөл атқарады. Жапония қазіргі әлемдегі жетекші экономикалық держава. Қазақстанның «Күншығыс елімен» ынтымақтастығы Азия-Тынық мұхиты елдерімен өзара тиімді әріптестігіне жол ашты. Бұл қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді, ал бұл өз кезегінде Жапонияның Қазақстанның сыртқы саясатында рөлінің артқандығын куәландырады. Сондықтан бұл ғылыми тақырып ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Мақалада ҚР мен Жапония арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың даму ерекшеліктері қарастырылады, сонымен қатар, доктриналық ұстаным тұрғысынан жапон басшылығының маңызды концепциялары мен «Орталық Азия мен Жапония» сияқты диалогтар талданады.

Түйін сөздер: біріккен мәлімдеме, «Еуразиялық дипломатия» концепциясы, қарым-қатынастар, стратегиялық әріптестік, екіжақты ынтымақтастық.

Zhumagulov K.T.¹, Sadykova R.O.², Mukhazhanova T.N.³

¹Doctor of historical sciences, professor, e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

²Candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: raikhan.sadykova@gmail.com

³Candidate of historical sciences, senior teacher, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty

**Establishment and development
of the relations between Kazakhstan and Japan**

The article deals with the formation and development of bilateral relations between Kazakhstan and Japan since the period of gaining independence. Over more than 20 years of cooperation, Kazakhstan and Japan have achieved positive results in various fields. In the multi-vector policy of Kazakhstan, an important place is occupied by Japan. This is due to many factors. Japan is a powerful economic power of the modern world. The cooperation of Kazakhstan with the country of the Rising Sun has opened the way for us to mutually beneficial partnership with the countries of the Asia-Pacific region. These relations have moved to the level of strategic partnership, which demonstrates the growing role of Japan in Kazakhstan's foreign policy. And so this topic is of interest to scientists. The article examines not only the peculiarities of the development of bilateral relations between the RK and Japan, but also analyzes from the point of view of the doctrinal approach the most important concepts of the Japanese leadership and dialogues like «Central Asia plus Japan».

Key words: joint statement, the concept of «Eurasian diplomacy», relations, strategic partnership, bilateral cooperation.

Жумагулов К.Т.¹, Садыкова Р.О.², Мухажанова Т.Н.³

¹доктор исторических наук, профессор

²кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, e-mail: raikhan.sadykova@gmail.com

³кандидат исторических наук, ст. преподаватель, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Формирование и развитие отношений между Казахстаном и Японией

В статье рассматриваются вопросы формирования и развития двусторонних отношений между Казахстаном и Японией, начиная с периода обретения независимости. За более 20 лет сотрудничества Казахстан и Япония достигли позитивных результатов в разных областях. В многовекторной политике Казахстана важное место занимает Япония. Это объясняется многими факторами. Япония – мощная экономическая держава современного мира. Сотрудничество Казахстана со страной «Восходящего солнца» открыло для нас путь к взаимовыгодному партнерству со странами Азиатско-Тихоокеанского региона. Эти отношения перешли на уровень стратегического партнерства, что свидетельствует о возрастании роли Японии во внешней политике Казахстана. И поэтому эта тема представляет интерес для ученых. В статье рассматриваются не только особенности развития двусторонних отношений между РК и Японией, также анализируются с точки зрения доктринального подхода важнейшие концепции японского руководства и диалоги как «Центральная Азия плюс Япония».

Ключевые слова: совместное заявление, концепция «Евразийская дипломатия», отношения, стратегическое партнерство, двустороннее сотрудничество.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы өзінің алдында үлкен міндеттер белгілеп отыр. Мемлекетіміздің БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіндегі төрағалығы халықаралық қауымдастықтағы рөліміздің артуына ықпал етіп отыр. Мұндай үлкен жауапкершіліктің берілуі еліміздің басқа мемлекеттермен екіжақты және көпжақты деңгейдегі өзара байланыстарды дамытуының нәтижесі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы үшін әлемнің жетекші мемлекеттерімен байланысты нығайту маңызды міндеттердің бірі болмақ. Әсіресе, Азия әлемімен байланыстыратын Жапонияның рөлі айрықша.

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Жапония ынтымақтастығы саяси-экономикалық, мәдени, ғылыми және қауіпсіздік саласы сияқты сан саланы қамтуда. Көптеген халықаралық мәселелерде екі мемлекеттің басшылығы әрдайым қолдауын байқатып келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты мүшелікке Жапонияның үміткерлігін қолдауын білдірді.

Зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық негізі – Қазақстан мен Жапония қарым-қатынастарын тарихи салыстырмалы талдау. Сонымен қатар, мақалада тарихи объективтілік қағидасы тұрғысынан ұсынылған мақала тақырыбын қарастыруға мән

берілген. Статистикалық әдіс те қолданылған. Қазақстан мен Жапонияның арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуын ашып көрсетуде ресми мекемелердің статистикалық мәліметтері маңызды рөл атқарды.

Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастарының қалыптасуы

Жапония мен Қазақстанның қарым-қатынастары КСРО-ның құлауынан кейінгі жағдаймен сипатталды. Орталық Азия мемлекеттері Жапонияның сыртқы саясатында маңызды рөлге ие болды. Жапонияның Орталық Азияға деген геосаяси қызығушылығы оның қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңыздылығымен айқындалды (Комиссина Э., 1999). 82).

Екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастары 1991 жылдың 28 желтоқсанында Жапонияның Қазақстанның тәуелсіздігін мойындауынан басталды. 1992 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан мен Жапония арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. 1993 жылы Алматыда Жапонияның Елшілігі ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 1994 жылдың 6-7 сәуірдегі және 1999 жылдың 5-8 желтоқсандағы Жапонияға жасаған сапарлары өзара байланыстарды күшейтті. Елбасының Жапонияға жасаған бірінші сапары барысында Кеңес Одағы мен Жапония арасындағы келісімдерді мойындау туралы ноталармен алмасып, Бірлескен мәлімдеме қабылданды. Ал екінші сапар барысында Достастық, серіктестік және ынтымақтастық туралы Бірлескен мәлім-

демеге қол қойылды. Құжатта тараптар өзара тиімділік пен теңдік қағидаларына негізделі отырып достық қарым-қатынастарды дамытуға дайындығын мәлімдеді.

1997 жылдың ақпанынан бастап Токиода Қазақстан Республикасының Елшілігі жұмыс істейді. 2016 жылдың сәуірінен бастап Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшісі Е. Баударбек-Қожатаев болып табылады.

Жапония басшылығы Орталық Азия, соның ішінде Қазақстанға ерекше мән беретіндігін 90-шы жылдардан бұрынғы премьер-министр Р. Хасимотоның «еуразиялық дипломатия» концепциясы, Орталық Азия және Жапония диалогы сияқты сыртқы саяси бастамалар шеңберінде байқатып келеді.

Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастарының дамуына ықпал еткен басты оқиғалардың бірі – бұл 1997 жылы бұрынғы премьер-министр Рютаро Хасимотоның «еуразиялық дипломатия» концепциясын ұсынуы еді. «Еуразиялық дипломатия» – бұл Жапонияның Орталық Азия, Ресей, Қытай мен Кавказ маңы мемлекеттеріне қатысты сыртқы саяси стратегиясы. Тұжырымдаманың бастамашысы – парламентаралық лиганың төрағасы, жапон парламентінің өкілдер палатасының депутаты М. Судзуки. Алайда ресми деңгейде осы тұжырымдама 1997 жылы шілдеде премьер-министр Р. Хасимотоның «Кэйдзай Доюкай» атты экономикалық серіктестердің жапондық қоғамының өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде жарияланды. Еуразиялық концепция бойынша Еуразия аумағына кіретін Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарды дамытудың негізгі бағыттары анықталды:

- өзара сенім мен түсіністікті нығайту мақсатындағы саяси диалог;

- экономикалық ынтымақтастық және табиғи ресурстарды игеру саласындағы ынтымақтастық;

- ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтандыру нәтижесінде аймақтағы бейбітшілікке қол жеткізу (Арин О., 1999: 85).

Жапон басшылығының «еуразиялық дипломатия» аталған тұжырымдамасының жариялануына байланысты Жапония мен Қазақстанның арасында қарым-қатынастар жаңа сипатқа ие болып, әр алуан саладағы ынтымақтастық деңгейіне көтерілді. Мұндай ынтымақтастық саяси байланыстарды да қамтып отыр. Бұған дәлел, 2004 жылдың тамыз айында ұсынылған «Орталық Азия + Жапония» ынтымақтастығы.

2004 жылдың тамыз айындағы Жапонияның Сыртқы істер министрі Й. Кавагучидің Қазақстанға жасаған сапары барысында екі ел арасында жаңа келісімдерге қол жеткізілді. Сапар барысында Орталық Азия мемлекеттері арасындағы интеграцияға ықпал ету және аймақтағы мемлекеттермен екіжақты қатынастарды дамыту мақсатында жапон тарапының бастауымен ұйымдастырылған «Орталық Азия+Жапония» диалогы бойынша Сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі болып өтті (Усубалиев Э., 2004: 45).

«Орталық Азия мен Жапония» диалогының құрылу мақсаты – лаңкестік, есірткі тасымалы, су және энергия ресурстары сияқты ортақ мәселелерді шешудегі ішкіаймақтық ынтымақтастықты орнату. Сондай-ақ, Жапония «Орталық Азия мен Жапония» бастамашылығы арқылы тек қана Орталық Азия емес, сонымен бірге Еуразия аумағында да маңызды геосаяси рөлге ие болуға ұмтылып отырғандығы туралы да пікірлер бар.

XX ғасырдың 90-шы ж. басында Жапония дамушы мемлекет ретінде Қазақстанға экономикалық көмегін де берді. Екі мемлекетті Невада-Семей сияқты ортақ қайғылы ядролық қарудың зардаптары сияқты өткеннің болуы да жақындастырады. Әсіресе 2 мемлекеттің байланыстары әуел бастан экономикалық салада дамыды.

Қазақстан мен Жапония арасында экономикалық қарым-қатынас жедел қарқынмен дамуда. Жапон компаниялары Қазақстанның әр түрлі салаларына, әсіресе энергетика саласына инвестиция тартуда. Уран өндіру және уран өнімдерін шығару саласында Қазақстан мен Жапония арасында бірлескен кәсіпорындар құрылып, елімізге жаңа технологиялар әкелінді. Атап өтер болсақ, «Қазатомпром» компаниясы байланыс орнатқан «Иточу», «Сумитомо» сияқты жапон компаниялары Қазақстанмен байланыстары қарқынды дамып отыр. Екіжақты байланыстар тек минералдық ресурстарды ғана емес, сондай-ақ, жол құрылыс материалдарының тасымалы, мұнай мен газ өндірісіне қажетті химикаттардың тасымалы, NEXI сияқты сақтандыру ұйымының қатысуымен қаржыландыру сияқты жаңа ішаралармен толығуда. Жапон компаниялары Қазақстанның мұнай игеру саласындағы ірі халықаралық жобаларына қатысып, сирек кездесетін металдар іздеу саласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде. Стратегиялық әріптестік қарым-қатынастарына негізделген Жапония мен Қазақстанның экономикалық байланыстары нығайып отыр. Қазақстан мен

Жапонияның қарым-қатынастарында Астана құрылысы саласындағы өзара көмек те аса маңызды.

2016 жылдың 10 айында Қазақстан мен Жапонияның өзара сауда айналымы 943 млн. долларға жетті (экспорт – 443 млн.долл., импорт – 500 млн.долл.). Салыстырмалы түрде қарасақ, 2012 ж. қаңтар-наурыз аралығында сауда айналымы – 460,4 млн.долларды (экспорт – 285,9 млн., импорт – 174,5 млн.) құрады. Осы мәліметтен 4 жылдан астам уақытта екі мемлекеттің сауда айналымы 2 есеге артқандығын байқаймыз.

Жапонияға қазақстандық экспорттың негізгі тауарлары металдар мен бұйымдар, әсіресе қара металл болып табылады, 2015 жылы оның бөлігі 67% құрады. Қазақстандық импорты құрылымында 2015 жылы Жапониядан келген басты жеткізілім «көлік, жабдық, көлік құралдары, құрылғылар мен аппараттар» сияқты тауар топтарына тиесілі. 2005-2015 жылдар аралығында Жапонияның Қазақстанға құйған тікелей инвестицияларының жалпы ағымы 6,2 млрд. долларды құрады.

Екіжақты қарым-қатынастар деңгейінде Жапонияның жыл сайын бөліп отырған Дамуға бағытталған ресми көмегінің рөлі артып отыр. Бұл ресми көмек Халықаралық ынтымақтастық бойынша Жапон агенттігі аумағында жүзеге асуда. Жапонияның Қазақстанға көрсеткен бүгінге дейінгі ОДА көлемі 102,1 млрд. йенді (шамамен 1 млрд. долл.) құрап отыр. Жапон компаниялары Қазақстанның мұнай игеру саласындағы ірі халықаралық жобаларына қатысуда және сирек кездесетін металдар іздеу саласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде. Қазақстанда жапон компанияларының қатысуымен жаңа технологиялар негізінде энергия үнемдеу жобалары да іске асырылуда.

Қазақстан мен Жапонияның арасындағы ынтымақтастығы саяси саланы қамтуда. Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси диалог 1992 ж. мамырында Жапониядан М. Ватанабэнің Қазақстанға іссапары кезінде бастау алды.

Екі мемлекет арасындағы маңызды құжат – 1999 жылы 6 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жапонияға іссапары барысында қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы достық, әріптестік және ынтымақтастық туралы біріккен мәлімдеме». Осы мәлімдеменің нәтижесінде екі мемлекеттің қарым-қатынастары стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді (Уразаева Ф., 2014: 65).

Қазақстан мен Жапонияның арасындағы саяси диалог парламентаралық кездесулер мен саяси іс сапарлар барысында да жүзеге асуда. Соңғы кездесулердің бірі – Қазақстаннан Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммедтің арнайы сапармен Жапонияға келуі. Жапония премьер-министрі Синдзо Абэ өзінің резиденциясында Синдзо Абэ екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 25 жыл толғанын ерекше атап өтіп, енді партияаралық ынтымақтастықты нығайтатын кез жеткеніне назар аударды. Өз кезегінде Мұхтар Құл-Мұхаммед Жапонияның Қазақстанның барлық бастамасын үнемі қолдап келе жатқаны үшін алғыс айтып, бұл сапардың екіжақты әріптестіктің беки түсуіне оң әсерін тигізетініне сенім білдірді. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед Қазақстан Президентінің тапсырмасы бойынша елдің Сыртқы істер министрлігі Корея Халықтық Демократиялық Республикасының баллистикалық зымырандарды сынау әрекетін батыл айыптап, арнайы мәлімдеме жасағанын және қазақстандық тараптың бұл бағытта Жапонияның ұстанымына қолдау білдіретінін айтты.

Қазақстан мен Жапонияның арасындағы ынтымақтастығының маңызды бағыты – мәдени-гуманитарлық сала. Бұл саладағы ынтымақтастыққа мәдени іс-шаралар өткізу, білім мен ғылым саласындағы байланыстар ауқымы кіреді.

Жапон Үкіметі Қазақстанға Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) арқылы 500 мың доллар көлемінде қайтарылымсыз мәдени гранттар берді. Алматы мен Астана қалаларында «Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталықтары» (Жапон орталықтары) жұмыс істейді. Бұл орталықтарда жапон тілін үйрету курстары мен жапон мәдениетін таныстыру шаралары ұйымдастырылып тұрады. Әсіресе, орталықтың жыл сайын өткізетін «Қазақстандағы Жапония мәдениетінің күндері» қазақ халқының жапон мәдениеті және асханасының өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Жапония 1998 жылдың наурызынан бастап Қазақстан аумағындағы ядролық сынақ апаттарын бірлесіп зерттеуде. Жапония Семей аймағы бойынша БҰҰ резолюциясының тең авторы болып, 1999 жылы Семей ядролық полигоны туралы халықаралық конференцияның Токиода өтуіне ықпал етті.

2000 ж. көктемінде жапон үкіметі аймаққа медициналық құрылғыларды 6 млн. долларлық көлемде тасымалдау туралы шешім қабылдады. Жапон үкіметі Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтардың салдарларын жою бойынша мәселеде шешім қабылдауда белсенді диалог орнатты. 1998 ж. наурызында Семей Медициналық Академиясы мен Нагасакидегі университет арасында ғылыми ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды (Центральноазиатское направление внешней политики Японии. М., 2004:35).

Қазақстан мен Жапония арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықты орнатуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Университеттің Токио, Цукуба сияқты университеттермен ынтымақтастығы нәтижесінде бірлескен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілуде. Жапон университеттері жапон тілін дамыту бойынша курстарға ақылы негізде қабылдайтын бағдарламаларды жариялады. Жапониядан келген ғалымдар университет оқытушыларымен Thomson Reuters пен Scopus ақпараттық жүйесінде ғылыми мақалаларды жариялау тәжірибесімен бөлісіп келеді.

Жапон елшілігі өз мемлекетіндегі ЖОО-нда білім алуға мүмкіндік беретін гранттық бағдарламаларды жариялап тұрады. Олар арқылы қазақстандық студенттер ғылыми деңгейін арттырып, жапон өркениетімен де танысады. Бұл бағдарламалар арқылы көптеген жастар Жапонияда білім алу мүмкіндігіне ие болды.

2000 ж. 3-16 қазанында Токио, Кокура, Фукуока, Курэ, Хиросима және Хацукаичи қалаларында құрамына Президенттік оркестрінің солисі Н. Өнер, Алматы облыстық филармониясының директоры А. Қоразбаев пен «Сазген» фольклорлық ансамбльдің көркемдік жетекшісі Б. Тулегенова кірген қазақстандық делегация арнайы концерттерді ұйымдастырды. 2000 ж. Токиодағы халықаралық кинофестиваль-

де режиссер С. Апрымовтың «Ағайындылар» көркем фильмі азиялық бағдарлама бойынша грантты жеңіп алды. Қазақстанда жыл сайын бұрынғы Семей ядролық сынақ айлағындағы аумақты зерттеу мақсатында Нагасаки және Хиросима эксперттері келеді. 1999 ж. 29 тамызында Нагасаки-Семей-Токио телекөпірі өткізілді. Оның барысында Жапония үкіметі мен Семей медициналық академиясына спутниктік байланыс арқылы Нагасаки университетінің зертханаларында қазақстандық пациенттердің диагностикасын жасауға мүмкіндік беретін құрылғыны сыйлады.

Қазақстан басшылығының жапон мемлекетімен байланыстарды нығайтуға мүдделестігінің жоғары екендігін елбасымыздың осы елге сапары куәландырады. Екі басшының осыған дейінгі бірнеше мәрте кездесуі, соның ішінде Елбасының 2016 жылы Жапонияға жасаған тарихи сапары ресми Астана мен Токио арасындағы әріптестіктің жаңа бағыт-бағдарын айқындап берді. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен премьер-министр Синдзо Абэ жоғары деңгейде жеті рет кездесіп, екіжақты қатынасты нығайту жөнінде абсолютті рекорд жасағанын айрықша атап өткен жөн.

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі таңда Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастары қарқынды сипатта дамуда. Екі мемлекет бір-бірімен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Қазақстан мен Жапония басшылығы Еуразия құрлығында бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында өзара қарым-қатынастарды күшейтуге ұмтылып отыр. Қазақстанның минералдық қорлары жапон елін қатты қызықтырады. Осы тұрғыдан, екі мемлекеттің арасындағы байланыстар арта бермек деген қорытындыға келуге болады.

Әдебиеттер

- Арин О. Россия на обочине мира. – М.: Издательство «Линор», 1999.
- Комиссина И.Н. Япония и Центральная Азия: партнерство набирает силу // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – № 2 (3). – С. 82.
- Уразаева Ф.П. Қазақстан-жапон қатынастары – экономикалық даму кепілі // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. №2(66). 2014. Б. 280-285.
- Центральноазиатское направление внешней политики Японии: 1991-2003: Дисс. на соискание степени кандидата исторических наук. – М., 2004.

References

- Arin O. Rossiya na obochine mira. – Moskva, Izdatelstvo «Linor», 1999.
- Komissina I.N. Yaponiya i Tsentralnaya Aziya: partnerstvo nabiraet silu // Tsentralnaya Aziya i Kavkaz, 1999, # 2 (3). S. 82.
- Urazaeva F. P. Kazakstan-zhapon katynastary – ekonomikalyk damu kepili. KazUU khabarshisi. Halykaralyk katynastar zhane halykaralyk kykyk seryasi. №2(66). 2014. B. 280-285.
- Usubaliev E.E. Tsentralnoaziatskoe napravlenie vneshney politiki Yaponii: 1991-2003.. Diss. Na soiskanie stepeni kandidata istoricheskikh nauk. – Moskva, 2004.